Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Алпамыс» бөбекжай –балабақшасы
Топ: «Балбөбек», «Ақтиын» ересек топтары
Баланың жасы: 4 жас
Жоспарды құру кезеңі: Қыркүйек-мамыр айы 2024-2025 жж

№	Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	**Музыка тыңдау:** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). **Ән айту:** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. **Билер:** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету.

2	Қазан	**Музыка тыңдау:** Музыканың сипатын сезінуге үйрету. **Ән айту:** Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Марш сипатын ырғақты жүріспен беру. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнау. **Билер:** Музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.
3	Қараша	**Музыка тыңдау:** Таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. **Ән айту:** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Сылдырмақтарпен қарапайым әуендерді ойнау. **Билер:** Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.
4	Желтоқсан	**Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). **Ән айту:** Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Асатаяқпен қарапайым әуендерді ойнау. **Билер:** Жеңіл, ырғақпен қозғалу. Жұппен би қимылдарын орындау.

5	Қаңтар	**Музыка тыңдау:** Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). **Ән айту:** Музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. **Билер:** Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.
6	Ақпан	**Музыка тыңдау:**Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. **Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Барабанда қарапайым әуендерді ойнау. **Билер:** Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту.
7	Наурыз	**Музыка тыңдау:** Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндерді тыңдату. **Ән айту:** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Домбырада қарапайым әуендерді ойнау. **Билер:** Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.
8	Сәуір	**Музыка тыңдау:** Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған күйлерді тыңдату. **Ән айту:** Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. **Билер:** Шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу.

9	Мамыр	**Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). **Ән айту:** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. **Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. **Билер:** Атрибуттармен би қимылдарын орындау.